

Ерейментау

Ақпарат

№ 21 (121)
9 маусым
2022 жыл



АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ



ПРЕЗИДЕНТТИҢ РЕФЕРЕНДУМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖАСАҒАН ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар! Кеше елімізде айрықша мәні бар тарихи оқиға болды. Мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ата заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Референдум жоғары деңгейде өтті. Мұны халықаралық және отандық байқаушылар да айтып жатыр. Конституциялық реформалар қоғамда қызу талқыланды. Дауыс беру барысы демократия талаптарына сай өтті. Ешқандай мәжбүрлік болған жоқ. Референдум нәтижесі саяси жаңғырудың анық символына айналды. Азаматтарымыз зор жауапкершілік танытты және отансүйіштік қасиетін паш етті. Біз Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлігіміз бекем екенін көрсеттік. Конституциялық түзетулер мемлекеттігіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертеді. Бүкіл қоғамның дамуына тың серпін береді. Референдумға белсене қатысып, қолдау білдірген барша халқымызға зор ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, конституциялық өзгерістердің мән-маңызын түсіндіруге атсалысқан азаматтарға, түрлі қоғамдық ұйымдарға алғыс айтамын.

Референдум еліміздің тарихындағы маңызды белес болды. Ұлтымыздың шынайы өзгерістерге деген дайындығы мен ұйымшылдығын көрсетті. Дауыс беруге азаматтарымыздың белсенді қатысуы қоғамымыздың кемелдігі мен жауапкершілігін білдіреді. Сайлау учаскесіне келіп, елімізді жаңғырту бастамасын қолдағандардың бәріне алғыс айтамын. Сіздер нағыз патриотизмнің үлгісін көрсетіп, Қазақстанның дәйекті дамуына зор үлес қостыңыздар. Еліміз үшін осы бетбұрысты сәтте заңды құқықтарын пайдаланып, өздерінің ұстанымдарын айтқан бүкіл азаматқа ризашылығымды білдіремін.

Ата заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді. Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастырамыз. Жаңартылған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасындағы үйлесім мен тепе-теңдік механизмін нығайтамыз.

Дәйекті саяси жаңғыру ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді. Енді біздің алдымызда ашық әрі әділетті экономика құрып, заңнамаға реформа жүргізу міндеті тұр. Қолдан жасалған монополияларды түбегейлі жойып, сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою маңызды. Біз кәсіпкерлердің бастамаларына қолдау көрсетіп, жекеменшікті сақтап, бәсекелестікті күшейтуіміз керек. Алдымызда экономиканы шынайы әртарапандыру

бойынша ауқымды жұмыстар тұр. Жоғары өнімді ауыл шаруашылығы мен қуатты көлік-логистика жүйесін дамыту, барлық салада цифрлық экожүйе қалыптастыру үшін шаралар қабылдау қажет. Еліміздің орнықты дамуының негізгі қозғаушы күші еңбек, білім және азаматтық белсенділік болуға тиіс. Тек сонда ғана өзін-өзі қамтамасыз ететін орта тап пен тиімді экономика қалыптастыра аламыз. Бұндай экономика кірісті әділетті бөлуге, сапалы жұмыс орнын ашуға, тұрмыс сапасын тұрақты арттыруға және барлық азаматтардың толыққанды жетілуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аппаратты жаңғыртып, бюрократиядан барынша арылту үшін жүйелі жұмыс жалғасады. Біз қоғамның барлық өкілдерінің талап-тілектеріне жауап беретін озық мемлекет құруымыз керек. Басқару жүйесінің тиімділігі жұмыстың барысымен емес, түпкі нәтижемен өлшенетін болады. Мемлекеттік аппарат бизнеспен, үкіметтік емес ұйымдармен және азаматтармен тығыз жұмыс істеуге баса назар аударуға тиіс. Сол арқылы ел мүддесіне сай тиімді шешімдер қабылданып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасы жақсара түседі. Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек. Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз.

Конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңғыртуға жол ашады. Парламент пен Үкімет Конституцияға енгізілген өзгерістерге сай Заңнамаға тиісті өзгертулер енгізуі қажет. Қазақстанда тиімді құқық қорғау және сот жүйесін құруға мүмкіндік беретін реформалар әзірленуге тиіс. Мұны әлемдік тәжірибені ескере отырып жүзеге асырған жөн. Біз қоғамның және бизнес өкілдерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға сұранысы арта түскенін көріп отырмыз. Елімізге азаматтар мен кәсіпкерлерді барынша қорғайтын құқық жүйесі қажет. Заңнамада мемлекетіміздің тұрақты дамуын тежейтін ешбір кедергі қалмауға тиіс. Заман талабына сай келмейтін және күмән туғызатын нормалардың бәрі күшін жоюға тиіс. Еліміздің экономикалық ресурстарын шағын ғана топтың қолына шоғырландырып, оларға артықшылық берген заңнаманы қайта қарау қажет. Елден жылыстатылған қаржыны және заңсыз жекешелендірілген активтерді мемлекеттің иелігіне қайтару жөнінде Мекемеаралық комиссия құрылды. Бұл үшін мен арнайы Жарлыққа қол қойдым. Біз адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесін кешенді түрде күшейтуге негізделген бағдарымызды жалғастыра

береміз. Құқықтық реформа аясында Конституциялық сот қайта құрылады. Оның қаулыларына жедел әрекет ету тетігін енгізу қажет. Сонда азаматтарымыз осы аса маңызды институт қызметінің пайдасын сезіне алады.

Жаңа, Әділетті Қазақстанда полицейлердің озбырлығына, біліксіз прокурорлар мен біржақты судьяларға жол берілмейді. Қоғам құқық қорғау және сот жүйесінің шын мәнінде өзгергенін қалайды.

Мен елімізді дамытудың осы және басқа да мәселелері бойынша нақты шешімдерді қыркүйек айында өтетін Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында айтамын. Қастерлі Тәуелсіздігімізді, ел бірлігін және қоғамдық келісімді нығайту – біздің негізгі міндетіміз. Бұл реформалар құр атақ-абырой үшін қолға алынған жоқ. Мұның бәрін Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін жасап жатырмыз. Халқымызда «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деген сөз бар. Бабаларымыз маңызды мәселені алқалы жиында шешкен. Мен осы дәстүрді жаңғыртып, Ұлттық құрылтай құру туралы бастама көтердім. Оған қоғамның түрлі топ өкілдері, беделді әрі белсенді азаматтар шақырылады. Құрылтайдың алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өткізіледі. Осылайша, азаматтардың мемлекет ісіне атсалысу мүмкіндігі арта түседі. Шын мәнінде, еліміздің тағдыры – ерқайсымыздың қолымызда. Біз қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін түбірімен жаңғырта білуіміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай аламыз.

Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал, ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету. Әрбір азаматымыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсімнің жемісін көруі қажет. Құрғақ уәде мен бос сөз ешқайда апармайды. Мен үшін нақты іс пен шынайы өзгеріс бәрінен маңызды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бар күш-жігерімді саламын. Референдум қорытындысы біздің мемлекеттігіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі бетбұрыс жасауға ұмтылысын көрсетті. Жасампаз ел болуға деген ықыласын байқатты. Елімізді дамыту үшін өлі де көп жұмыс атқаруымыз керек. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Бүгін тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды.

Осы жолда бірлігіміз әрдайым бекем болсын!

Жаңа Қазақстанды бәріміз бірге өркендетейік, ағайын!

РЕФЕРЕНДУМНАН СОҢ

МЕМЛЕКЕТІМІЗДЕГІ ТАРИХИ КҮН

Шындығында да 5 маусым Қазақстан Республикасының жылнамасында есте қалатын тарихи күн болды. Ата заңымыздағы өзгерістерді қолдау мақсатында өткізілген бұл жалпыхалықтық референдум мемлекетіміздің саяси өміріндегі үлкен бетбұрыс болмағы анық. Осыдан болар, ауылдар мен қалаларда тұратын халықтың негізгі бөлігі бұл саяси науқанға барынша ат салысып, өз таңдауларын жасады.



Бұл күні Ерейментау қаласының тұрғындары таң азаннан сайлау учаскелеріне қарай ағылып, азаматтық белсенділік танытып жатқанын көзбен көрдік.

Қаладағы №1 жалпы білім беретін орта мектепте орналасқан 416 сайлау учаскесіне жағдайды көзбен көрмекке барған біздер, ертелетіп дауыс беруге келген аудан әкімі Абай Әлжанов пен аудандық мәслихат хатшысы Медеу Әбжіковты кездестірдік.

Осы жерде біздер аудан басшысының жалпы референдум жайлы ой-пікірін білмек болып, сауал тастап едік.

-Бұл мемлекетімізде болып жатқан және болатын үлкен өзгерістердің бастамасы деп білем. Себебі, Ата заңымызда халықтың талап-тілегін ескеретін көптеген оңтайлы өзгертулер ұсынылып отырғанынан хабардарсыздар. Біздер бұл референдумды Қазақстан Республикасындағы тарихи күн деп есептесек те болады. Себебі, Жаңа Қазақстан құрудағы бұл ең бір шешуші қадам деп есептеймін, - деді Абай Еламанұлы.

Біздерге осы 416 сайлау учаскесінде кездескен аудандық мәслихаттың хатшысы Медеу Әбжіковты де әңгімеге тартқан болатынбыз.

-Осы референдумнан ел тұрғындары үлкен бастамалар күтіп отырғанын білеміз. Сол себептен, сайлау учаскелеріне келіп дауыс беруге халықтың барлығы да ерекше ықыласты болар деп ойлаймын. Конституциядағы өзгертулер қоғам өмірінің әр саласына айтарлықтай жаңалықтар әкелері сөзсіз. Сондықтан азаматтық санасы бар әрбір ерейментаулық белсенділік танытуы керек, - деді мәслихат хатшысы.

Өз тілшіміз

ТАЙБАЙДА ӨТКЕН БҮЛДІРШІНДЕР МЕРЕКЕСІ

Балалар жылы 2022



Тайбайдағы сол күнгі мәдени-спорттық шараға аудандық мәслихаттың хатшысы Медеу Әбжіков, ҚР Еңбек сіңірген бапкері, «Қанжығалы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайыркен Жақып, ҚР Еңбек сіңірген бапкері А.Назаров, «Ереймен күрес клубы» президенті Қазыбек Бөкешов, «Ақ жол» партиясы атынан аудандық мәслихаттың депутаты Н.Маңдаев, Тайбай ауылдық округінің әкімі Талғат Кәрібжанов, Тайбай жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Асқар Ералинов, тағы да басқа құрметті меймандар келіп қатысты. Сол күні Тайбай орта мектебінің бүлдіршіндері әзірлеген мерекелік концерт те жиналған көпшіліктің көңілін бір көтеріп тастады. Сәбилердің арасында өткен түрлі конкурстар мен жарыстар бір-біріне ұласып, атаулы мейрамның сәнін одан сайын әрлендіре түсті. Осы атаулы күні болған тағы бір ерекше оқиға, балалардың арасында қазақша күрестен өткен белдесу. Жас шамаларына қарай екі топқа бөлінген кішкентай палуандар сегіз салмақ дәрежесі бойынша боз кілем үстінде күш сынасты. Осы жарыста үздік шыққан жас спортшыларға мадақтама грамоталар мен жүлделер, ақшалай сыйлықтар тапсырылғанын айтпай кетуге болмайды. Бұлардан бөлек тағы да сегіз палуанға «Ереймен күрес клубы» атынан түрлі

номинацияларда ақшалай жүлделер табыс етілді. Осы сайыста техникалық әдісі жағынан ең шебер деп танылған жас палуан аудан әкімі А.Әлжанов тағайындаған ақшалай сыйлықты иеленді. Аталмыш мерекеді Тайбай ауылында тоғызқұмалақ пен үстел теннисінен де жарыстар ұйымдастырылып, жүлделер таратылғанын айта кеткіміз келеді. Әрине, мереке балалардікі болған соң, ең басты назарда солар болуы керек. Аталмыш шарада бұл жағы да ұмыт қалған жоқ. Мерекеге жиналған балалардың бәріне де тәтті балмұздақтар үлестіріліп, сәбилер бір мез болып қалды. Бұл секілді үлкен мәдени-спорттық шара демеушісіз болмайтыны белгілі. Сол атаулы күнге демеушілік танытып, сәбилердің алғысын алған: Сіләй Мүттөка, Соколов Никита, Атығаев Тоқтар, Көшербай Дарын, Т.Ю.Чиж, Т. Вебер, А. Панасюк, Х. Япас, А. Имашев, Ж. Есенбеков О.Неплюева, Я. Варнат, Л. Худайберлина, Н.Канапьянов, Б.Баймұқанов секілді кәсіпкерлер. Осындай ауқымды да мағыналы іс-шара ұйымдастыра білген Тайбай ауылдық әкімінің аппараты мен Тайбай орта мектебінің ұжымына аудан әкімі мен жиналған қауым шексіз ризашылығын білдіріп аттанды.

Өз тілшіміз



Кандидаттар мен олардың сенім білдірілген адамдарының сайлау науқаны кезінде Ақсуат ауылы сайлаушылармен кездесу КЕСТЕСІ

№	Елді мекеннің атауы	Сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайдың мекен-жайы	Күні
1	Ақсуат ауылы	Ақсуат ауылдық клубының холлы, Ыбрай Алтынсарин атындағы көшесі, 1.	15.06.2022 ж. сағат 18.00-ден бастап 25.06.2022 ж. 00.00 сағатқа дейін

Ескертпе: "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" ҚР Заңының 28-бабы 4-тармағына сәйкес: Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай береді. Үй-жай беру шарты барлық кандидаттар үшін бірдей және тең болуға тиіс.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Сайлау БАЙБОСЫН

ТАРИХЫ ЕРЕЙМЕННИҢ ТАРАУ-ТАРАУ

(Қанжығалы елінің Ерейментау жерін қыстап-жайлағанына биыл – 285 жыл толды)

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізген соң, есімізді жиып, еңсемізді көтеріп, өткен тарихымызды түгендеп жатырмыз. Бұл Қазақ елінің барлық аймағына тән жағдай. Оның себебі, кешегі кеңес уақытында өз тарихымызды өзіміз тануға, оқып-білуге мүмкіншілік болмады. Соның есесін енді толтырып жатқан жайымыз бар.

Өкінішке орай, арамызда әлі күнге дейін кеңестік стереотиптен арылмаған, өлке тарихына, ру мен тайпа тарихына мұрныны шүйіріп қарайтын надандар жоқ емес. Олардың айтатындары: «Осы ру деген не керек, руға бөлініп не керек, бұл ескінің қалдығы т.с.с.» - дейді.

Өкінішке орай, бұндай адамдар ру мен тайпа тарихы деген бір бөлек, ұлт тарихы деген бір бөлек деп түсінеді. Бірақ тіпті олай емес.

Бұндай космополиттерге айтарымыз: «Ұлттың тарихы, қазақтың тарихы деген – рулар мен тайпалардың тарихы. Ру мен тайпа деген – адамдардан құралады. Тарихты жасайтын сол адамдар. Егер біздің арғы дәуірлердегі ата-бабаларымыз болмаса, ұлттың тарихы да болмас еді.

Ал ұлттың тарихы, Қазақтың тарихы – әр өлкенің, әр аймақтың тарихынан құралады. Егер Қазақ тарихы үлкен бір кітап десек, Ерейментау жерінің тарихы соның алып тастауға болмайтын үлкен бір тарауы. Сондықтан өз өлкеміздің өткен тарихына құрметпен қарайық, бауырлар!

Енді осы жазбаға себеп болып отырған «Қанжығалы елі Ереймен тауларын қашан, қай мезгілден бастап қоныстаныпты» дегенге әңгімеге келелік. Құдайға шүкір, Ерейментау жері мен онда жасап өткен тарихи тұлғалар жайлы жазып кеткен аталарымыз аз емес. Бүгінде Ғалымжан Мұқатұлының, Сәкен халфе Ғылмандың, Өмірбек Тұқпұлының, Аманжол Әлжанұлының, Нығмет Ғабдырахманұлының т.б. адамдардың қалдырып кеткен деректері жетерлік. Біздер қашанда сол жазбаларды негізге аламыз.

Осындай өлке тарихынан аса құнды деректер жазып кеткен адамның кіші – Өмірбек Тұқпұлы. Бұл кісінің сүйегі – Қылшар атасынан. 1889 жылы туып, 1975 жылы 86 жасында өмірден озған. Осы кісі Қанжығалы ұрпақтарының Ерейментау өңіріне қалай келіп қоныстанғаны туралы жазба қалдырып кеткен. Бұл өрине, ойдан шығарылған әңгіме емес. Атадан балаға ауысып, сонау Бөгенбай заманынан бүгінге жеткен деректер.

Енді сол туралы...

Өмірбек Тұқпұлының араб әліпбиімен жазған қолжазбасын өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Благодатное ауылында тұрған (қазіргі Олжабай) Әміржан Мауин деген адам бүгінгі кирилл харпіне көшіріпті. Сол кезде аудандық партия комитетінде қызмет істеген Серік Сыздықов ағамыз осы жазбаны машинкаға бастырып, талай жылдар сақтаған екен. Кейін біздің қолымызға тиді.

Енді осы тарихи деректің шындығын айтсақ...

«1960 жылы Ерейменді қыстап-жайлағанымызға 223 жыл болды» - дейді Өмірбек Тұқпұлы өз жазбасында. Сонда бұл 1737 жылға келіп тұр. Қарап отырсақ, Өмірбек атамның дерегі бұрыннан қалыптасқан тарихи айналымда жүрген уақытпен бірдей екен.

Және Өмірбек ақсақал: «Мен бұл әңгімені бала күнімде Төренің ауылындағы Сәкей атты жездемнің үйінде жасы сексеннен асқан Кенжалы деген қарттан естіп едім», - деп жазады.

Енді өздеріңіз санап, салыстырып көріңіздер. Өмірбек атамның 1889 жылы туған дедік. Сонда бұл әңгімені бала күнінде естісе, ол шамамен 1890-ыншы жылдардың ішінде (тіпті 1900-інші жылдардың басы делік) деуге болады.

Ал әңгіме айтушы Кенжалы қарт сол кезде сексеннен асқан адам болса, онда ол бір мың сегіз жүзінші жылдардың басында өмірге келген деп білеміз. Яғни Кенжалы қария осы хикаятты Бөгенбай заманын көзімен көрген адамдардың өз аузынан естігені айдан анық. Сондықтан бұл дерек ешқандай алып-қоспасы жоқ, тарихта болған оқиға деп сеніммен айта аламыз!

XVIII ғасырдың 20-40 жылдары Сыр бойынан ауа көшкен Момын Арғынның бір тармағы Қанжығалы-Тобықты елдері Торғай, Ырғыз, Кеңгір, Сарысу өзендерінің бойларын жайлап, араға жылдар салып, Арқа жеріне жеткені тарихтан білеміз. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өз деректерінде: «Қанжығалылар әуелде Баянаулаға келіп бір қыстап, келесі жылы жердің тарлығына байланысты жоғары, Ерейменге қарай жылжиды» - дейді. Бір қызығы, Тұқпұлының Өмірбегінің жазбалары да осы Мәшһүр деректерімен үндес. Оңтүстік өңірден бері жылжыған елдің алдын Бөгенбай батыр бастап, артын Жантай

батыр жиыстырып, қанжығалылар Арқа жеріне келіп, Ертіске дейін жеткенін айтады. Сосын қайтадан күнбатысқа қарай бұрылып, Ереймен тауларына ат басын тірейді. Ол уақытта Ерейменнің тауларын Уса Серен бастаған 10 мың үйлі жоңғарлар жайлап жатқан екен. Бөгенбай бастаған батырлар күндіз-түні ұрыс салып, осы қалың қалмақты Ерейменнің оңтүстігіндегі, оңтүстік-батысындағы теріс қыстаулар - Құмантау, Балтақара, одан әрі Аюлы-Нияздың Қаракөліне дейін аударып тастайды.

Өмірбек атамның бен Мәшһүр-Жүсіптің дерегі ұқсас деп отырғанымыз, Өмекең өз жазбаларында «қанжығалылар Ерейменге шығыс жағынан, яғни, Баянаула-Ертіс жағынан келіп кіріпті» - дейді. Бұл қазіргі Бозтал, Өлеңті ауылдары тұрған аймақ.

«Ерейменнің осы шығыс бетін жаудан босатқасын, Қанжығалы батырлары өзара қоныс бөліседі. Бөгенбай батыр өзі Қоржынкөл, Қаратау төңірегіндегі жерлерге ие болыпты. Ал Бозымнан тараған жеті ру өзара сөйлесіп, ынтымақпен бөліс жасайық дегенде, Жантайдың ағасы Момы батыр: «Үш атадан үш адам ат жарыстырайық, қай атымыз озғанымыз таңдаулы жерді қоныс қылып алайық» - дейді. Осыған келісіп, Қылшар-Қойсары Бегей би, Момы батыр, тағы бір адам Өлеңті өзенінен бері қарай шапқанда, Момының аты бірінші келіп, екі егіз биігі бар Тұмсық тауына бұрын жетеді. Әдетте қолынан бүркітін түсірмейтін кісі екен, Тұмсық тауының басына бүркітін қондырып, Жуантөбенің басына шығып кісесін қалдырып, Сұран тауының басына шідерін тастап, өзі Көрітаудың басына шығып тұрыпты. Ереймен тауларының малға жайлы, қыстан қысылмай күйлі шығатын жерлері осы қыстаулар. Ал жеті рудың басқа адамдары да кең құлаш

жайып, Ерейменнің оңтүстік, оңтүстік-шығыс бетіндегі басқа жерлерден еркінше қоныс алады» - деп жазады Өмірбек қария.

Бір таңқаларлығы, арада үш ғасырға жуық уақыт өтсе де, сол қоныс-қыстаулар әлі солай аталады, сау-саламат тұр. Сол батырлардың ұрпақтары әлі де осы қасиетті Ерейментау өңірін, сол қоныс-қыстауларды жайлап отыр. Биыл аманшылық болса, осы датаны ел болып атап өтпек ойымыз бар. Қазақстанның әр аймағында (Қызылорда, Тараз, Шымкент, Алматы, Қостанай, Көкшетау, Кереку т.б.) тұратын қандас бауырларымыз да келмек.

Мақсатымыз – бір малдың қанын шығарып, сол бабаларымыздың асыл рухтарына арнап дұға бағыштау. Себебі, бір замандарда ел мен жердің бостандығы үшін қаны мен терін бірдей төккен батыр бабалардың есімдері бұл күндері ұмытылып барады. Тіпті жүздеген жылдар бойы аттары аталмай кеткендері де бар. Сондықтан ел болып Құран-хатым түсіріп, аттарын атасақ, аруақтары бір аунап түсер еді.

PS: Айта кететін бір жайт. Осы жазбаны оқығасын, кейбір кертартпалар (скептиктер) : «Ой, ол кезде кім жыл санапты, бұл өтірік дерек, осындайды қою керек» - деуі әбден мүмкін.

Ондайларға айтарамыз: «Иә, Қанжығалы елінің бұл жерге келіп қоныстанғанына 285 жыл емес, мүмкін 284 немесе 286 жыл болған шығар. Мәселе онда емес. Мәселе, ғасырлар бойы аттары аталмай кеткен бабаларымыздың есімдерін жаңғыртып, олардың ерлік істерін бүгінгі ұрпаққа жеткізу. Себебі, мәңгілік ештеңе жоқ. Уақыты келгенде, бұл өмірден біз де кетеміз. Біз кеткесін, бұл деректерді іздейтін де адам болмауы мүмкін.

Жантай батыр оқиғасы

Жоғарыдағы әңгімеде, Қанжығалы батырлары жоңғар ауылдарын теріс қыстауларға қарай, Құмантау, Аюлы – Нияздың Қаракөліне дейін қуып тастады деген едік.

Сөйтіп, мал-жанына өріс таурылып, қысымшылық көрген қалмақтар Абылай ханға кісі салып, оның баласы Қасым төрені қонаққа шақырып, қыз құмарлау немерге қалмақ бегінің қызы Әйніш сұлуды көрсетелік, алам десе әйелдікке берелік, сөйтіп Қасым арқылы қазаққа дегенімізді істетерміз деп шешеді. Абылай хан Уса Сереннің бұл ұсынысына көп ойланып, ақыры жанына бірнеше кісі ертіп, баласы Қасым төрені қалмақтарға қыз көруге жібереді. Үмбетей жыраудың «Жантай батыр» дастанында осы оқиғаға Қасым төренің шешесі Топыш сұлудың да ықпал еткені айтылады. (Топыш – қалмақ қызы). Ол баласын Усаның ауылына қонаққа жіберуге Абылай ханды көндірмекке былай дейді:

Ей, сұлтан, абыройың жұрттан асқан,

Бағың мен тағыңа елде жоқ таласқан.

Құмартып шақыртқанға жібермесен,

Демей ме біреу сені асып-тасқан.

Жарың боп, қосағың ем қолқа салған,

Бір сапар жолдас ақым бөліме алған.

Жіберші естияр көп нөкер қосып,

Тәуекел, көрсін қызды Қасым задан.

Бұл тарихта болған оқиға, себебі, Қасымға еріп қалмақтарға барған адамдардың ішінде Үмбетей де болған және ол жөнінде өз дастанында былай деп жырлайды:

Қонаққа Қарауылдан шешен Қанай,

Сүйіндіктен баспа, қу би Төлебай.

Уақтан батыр Сары бірге аттанып,

Жырауды Үмбетейдей қосты болмай.

Қанжығалы елінде Бөгенбайдың ағасы Көлбайдан тарайтын Молдажан Жадайұлы деген ақын болған. Осы Молдажанның «Бөгенбай батырдың бір жорығы» атты

дастанында біраз оқиғалар баяндалады. Бір ғажабы, Үмбетей мен Молдажан ақынның дастандары бір-бірімен үндес, мазмұндас.

Молдажан ақын былай дейді. Орта жүз елі Сыр бойынан бері ауып келе жатқанда, Жеті Момын балалары - Қанжығалы, Атығай, Қарауыл ішіне жік түседі. Оған себеп, Әбілқайыр хан бұларға кісі салып, менің қол астыма келіндер, жер берем, Қарауыл Жәпек батырды өздеріңе басшы етіп тағайындаймын дейді. Сөйтіп бұл сөзге алданған Атығай, Қарауыл балалары, араларында Жәпек батыр, Қанай би бар, солай қарай кетпек болады. Осындай себептен Қанжығалы ішіне де алауыздық кіріп, Жетіру-Қанжығалы, Бозым ұрпақтары да Атығай-Қарауылмен бірге Кіші жүз ішіне қарай кетпек болады. Бұлардың арасында Үмбетей жырау да бар.

Бөгенбай батыр оларға: «Тоқтап сабыр етіңдер, ол жақ орысқа жақын, түбі күні орыстың табанының астында қаласыңдар. Қалмақ деген өзіміз секілді көшпелі жұрт, бір жеңіледі қайтсе де» - деп тоқтау айтады. Бірақ аналар құлақ аса қоймайды. Сөзін өткізе алмаған Бөгенбай батыр назаланып, өзіне қараған ауылдарымен төмен түсіп, Сарысудың бойына қарай келеді.

Айта кететін бір жайт, Қанжығалы-Бозым ішінен шыққан Нияз Жантай батыр өле-өлгенше Бөгенбаймен идеялас, пікірлес болған адам. Ел екі айырылғанда, Жантай өз бауырлары бозымдарға ермей, туыс-туғандарын ертіп, Бөгенбаймен бірге кетеді. Сол кезде Бөгенбайдың жанында Айдабол Төлебай мерген де бірге болыпты деп жырлайды Үмбетей мен Молдажан. Себебі, Бөгенбай мен Төлебай да дос-жар, пікірлес адамдар болса керек. Және Төлебай батырдың сүйегі Ереймен жерінде жатыр деген де сөз бар. (Төлебайдан – Едіге би, одан Шоң мен Торайғыр туады).

Сөйтіп әрі қарай бөлініп кеткен Момын балалары Кіші жүз ішіне барғасын, Әбілқайыр айтқан уәдесінде тұрмай,

олар біраз қиыншылық көреді. Тіпті бірде қалмақтар суға қамап, қырып тастай жаздапты деп айтылады Молдажан сөзінде. Ақыры босқа қырыларан білген бұлар Бөгенбай батырға Үмбетей жырауды аттандырады, «бізді кешсін, не ақыл береді» деп. Сарысудың бойында отырған Бөгенбай ауылын тауып келіп, есіктен кірген Үмбетей мен Бөкен жылап көрісіпті. «Ал, бұлбұлым, сайрашы!» - дегенде, Үмбетей бастан өткен оқиғаның бәрін сол жерде жырмен толғап айтып берген екен. Осыдан соң Бөгенбай батыр да ел мен жердің амандығы үшін атқа қонады...

Енді жоғарыдағы Қасым төренің оқиғасына қайта оралайық. Жанына Қарауыл Қанай биді, Уақ Сары батырды, Айдабол Төлебай батырды, Үмбетей жырауды ерткен Қасым төре қалмақ ханының ауылына барады. Алған сый-сиялаты мен қалмақ бегінің қызы Әйніш сұлудың көркіне елтіген Қасым төре оны әйел етіп алмақ болып, кейін Ерейменнің Қоржынкөлінде өткен жиында «қалмақтарды қаңғытпай, қоныс беру керек» деген ұсыныс айтыпты. Бұған ашуланған Жантай батыр: «Сен телімге түскен қалмақтың қызы Топыштан туып едің, нағашыңа бүйрегің бұрып тұр ма, қалмақ бізге ел болмайды, біржола әрі қарай асырып тастау керек!», - деп қарсы шығады. Бұл сөзді жалпы Орта жүз батырлары қоштағанымен, Абылай хан мен Бөгенбай батыр елді уақытша бітім жасауға көндіріп, қалмаққа Ерейменнің сыртқы бетіндегі теріс қыстаулардан қоныс беріп, бейбіт тірлік жасауға келісім етіп, екі араға Жантайдың немере інісі Арқандыр батырды шолғыншы етіп қояды. Бірақ жаулыққа бекінген қалмақтар Әйніш қызды енді Арқандырға салып, қыз оның да басын айналдыра бастайды. Арқандыр бірде аң қуып жүрген өзінің немерелес туысы Үйсінбайдың астындағы жүрдек нарына қызығып, сұрайды. Бұған Үйсінбай: «Қалмақтың асыл тұқымды мың түйесі бар, жігіт болсаң барып алмайсың ба?», - депті. **(жалғасы 4 бетте)**

(басы 3 бетте)

Бірақ атадан батыр туған Мырзагелді: «Жоқ, әке, мен өлсем, соңымда атымды атандыратын Жанболатым бар. Өлі отау көтеріп, үй болмаған мына Тоқаш қайтсын елге, өліп кетсе, өмірге келмегендей болады ғой!» - деп бас тартады. Сөйтіп әкелі-балалы үшеуі қош айтысып, Тоқаш Сарыбауыр атпен қоршауды бұзып, шығып, елге қарай кеткен екен.

Егер Мырзагелді жанын күйттеген нашарлау біреу болса, тура келген ажалдан басын сауғалап, өзі көтер еді. Бірақ олай істемей, өз басын өлімге қиып, ұрпақсыз қалмасын деп, жолын інісі Тоқашқа ұсынады. Нағыз батырлық осындай болатын шығар!

Осы оқиға жөнінде Шоқан еңбектерінде де біршама айтылады. Кезінде Шыңғыс сұлтан өзінің қасында болған Қыпшақ Сатыбалдының Жаманқұлы деген жыршыға «Жантай батыр» қиссасын айтқызып, оны Шоқанға жаздыртып алып, облыстық шекара бастығы полковник М.Ладыженскийге тапсырған екен.

Жантай батыр жайлы ел ішінде айтылған ескі әңгімелердің негізге алып Шоқан өзі былай деп жазады: ...Когда узнал Джанатай о смерти любимого своего брата, сделал проклятие и поклялся против убиц: «Или умру, или напьюсь вашей кровью!» Велел подать лошадей, с 500 человек ворвался в ставку калмыков, их было 10 тысяч, и утонул в битве - битва была страшная, киргизы шли на смерть. Усинбай с распоротым животом, держа внутренности в полах своего халата, дрался и спрашивал: «А что, Джанатай батыр, с распоротым животом можно ли жить?».

Все пали, остался Джанатай и 8 человек и сын его Токаш. Джанатай слез с лошади, подал ее сыну, говоря: «Отправляйся домой, пробейся, ибо не будет человека который при случае мог бы за меня отомстить».

Когда Аблай узнал о смерти Джанатай, плакал неутешно, говоря: «Не дававший себя точить, черный булат мой!».

(Ч.Валиханов. 1 том. Стр. 225-226. Алматы. 1961).
Қараңыздаршы, «Жантай батыр» дастаны мен Өмірбек Тұқпұлының жазбасында бір ғана айырмашалық бар. Өмірбек атамыз «Жантай жауға 80 кісімен шауыпты»

Қырғыз батыр

Жантай батырдың ел ішіндегі әңгімелерде көп айтыла бермейтін үшінші ұлы - Қырғыз батыр. Қырғыз да ешкімге есесін жібермейтін, жаужүрек адам болыпты деседі. Сол заманда Қоңырқұлжа төренің әкесі Құдаймендінің ұрылары Қанжығалы - Нияз елінің 40 жылқысын айдап алып кетеді. Соңынан қуа барған Бапан мен Жанболат билерге теңдік бермей жүрсе керек. Бұл әңгіме Қырғыздың құлағына тигесін, ешкімге айтпастан атына мініп, Құдаймендінің ауылына келеді. Тәртіп бойынша, өзі рұхсат бермей, төренің үйіне кіруге болмайды. Қырғыз оған қарамай, төренің ордасына атының басын тіреп, киіз үйдің белдеуіне қаңтарып тастап, алдын кес-кестеген жасауылдарды олай-былай қағып тастап, кіріп барыпты. Құдайменді бұны көре сала, керегенің басында ілулі тұрған қылышын ала ұмтылады. Сонда Қырғыз батыр жарғағының астынан сарыала сапысын суырып алып: «Бәлем, жаман сарт, қарныңды ақтарып тастайын!» - деп тап бергенде, сасып қалған Құдайменді: «Уа, сен Қырғыз екенсің ғой!» - депті. «Болсақ болармыз» - дейді батыр. «Апырмай, ұрынып қала жаздадық қой!» - деген төре Қырғызды оңаша үйге түсіріп, ертеңінде 40 жылқысын алдына салып берген екен.

Құрметті бауырлар, жалпы Бөгенбай батыр, оның дәуірінде жасап өткен тарихи тұлғалар - Атан, Досай, Ақпан батырлар, Үмбетей жырау жөнінде азды-көпті жазылып жүр. Бұларға байланысты біраз деректерді біз 2009 жылы жарық көрген «Ерейментау» деп аталатын тарихи-танымдық кітабымызда баяндағамыз. Сондықтан қайталай берудің жөні болмас дедік. Ең бастысы, Ерейментау жерін XVIII ғасырдың отызыншы-қырықыншы жылдары келіп қоныс еткен Қанжығалы ұрпақтары осы өңірде өлі күнге сау-саламат ғұмыр кешіп жатыр. Басымыз аман, бауырымыз бүтін. Сол үшін Жаратқан иеге Тәубе дейік! Жоғарыда айтылған Өмірбек атамыздың дерегін негізге алсақ, Ерейментауды жайлағанымызға биыл 285 жыл болады екен!

Ақмола сыртқы округінің ашылуы

Жоғарыда Өмірбек Тұқпұлының жазбаларына сүйеніп, біраз деректер ұсындым. Ол 1730-40 жылдардың шамасы дедік.

Енді осыдан тура бір ғасыр өткесін, 1832 жылы 28 тамызда Ақмола сыртқы округі ашылады. Бұл қазақ даласын толықтай басқару үшін құрылған өкімшілік орталықтардың бірі еді. Орыс тіліндегі құжаттарда округтің орталығы «приказ» деп аталса, қазақтар өздерінше «дуан» деп, округтің аға сұлтанын «дуанбасы» деп атаған.

Сол кезеңде қазақ даласына қатысты жасалған саяси реформалардың барлығы тек отарлаудың амал-әрекеті болатын. Дәл осындай себеппен 1830 жылдың 25 мамыры күні Ақмола сыртқы округін ашу туралы шешім қабылданып, жаңа округтің орталығының орнын белгілеуге Петропавл бекінісінен подполковник Ф.Шубин басқарған отряд жолға шығады.

Шубинның қызметі жайлы жазылған жазбаларда бұл жөнінде былай дейді: «25 мая 1830 года командирован в киргиз-казацкую степь с отрядом из 20 урядников и 150 казаков под начальством подполковника Шубина для открытия Акмолинского округа». (А.Ф. Дубицкий, «Скрижали истории». Целиноград, 1992).

Бұған дейін Жеке Сібір әскери корпусының штаб бастығы генерал-майор С. Броневский Жоғарыға мынадай рапорт жолдаған екен: «В Карпыковской волости, управляемой волостным султаном Конуркульджей Худаймендиным, желают открыть округ при урочище Ак-Мола».

Орыс өкімшілігіне округ ашу - қазақ даласын отарлау үшін қажет болса, Қоңырқұлжа секілді төрелерге округтің ашылуы жоғары лауазым - аға сұлтандық дәреже алу үшін керек екені белгілі. Сонымен, қысқаша айтсақ, XIX ғасырдың аяғына таман облыс атанып, бір шеті Қызылжар, бір шеті Шу өңірін қамтып, Ұлытау асып, Бетпақдалаға дейін ұласқан ұланғайыр аймақтың орталығы болған Ақмола бекінісі осылай ашылады.

Округ орталығының орнын белгілеуге байланысты мына бір қызықты деректі назарларыңызға ұсына кетелік. Бұл 2005 жылы Алматы қаласында басылып шыққан «Өмір шежіресі» атты кітапта баяндалады. Аталмыш кітап Ереймен елінің белгілі адамы, кезінде Қоржынкөл болысын басқарған Бөгенбай ұрпағы Ералы Саққұлақұлының жазбаларының негізінде құрастырылған. Нақтырақ айтсақ, Ералы болыс өз әкесі Саққұлақ биден естіген деректерін естелік ретін қағаз бетіне түсірген секілді. Кейін Ералының ұлы, филология ғылымдарының кандидаты Тұрсынбай Ергалиев жазбаны кириллицаға көшірген. Енді осы кітапта

десе, Үмбетей сөзінде «500 кісі» делінеді...

Сонымен батырлардың бәрі осы ұрыста опат болып, Тоқаш Сарыбауыр атпен қоршауды бұзып шығып кетеді дедік. Жантайдың соңынан қол жинап, қуа шыққан Бөгенбай батыр жолда бір биіктің басына шығып отырса, алыстан қарауытқан бір салт атты көрінеді. «Апырмай, мынаның аяқ тастасы Сарыбауыр аттың шабысына келеді екен, бір сұмдық болмаса игі еді!» - деп Бөгенбай қамшысын таянып отыра кетіпті.

Сөйтіп, Бөгенбай қосынына аман-есен қосылған Тоқаш болған оқиғаны баяндайды.

Абылай мен Бөгенбай бастаған қол дұшпандардың соңынан жетсе, қалмақтардың алды ұзап кеткен екен. Соңында қалғандарын біраз қырғынға ұшыратып, кейін қайтады. Қаза болған Жантай, Мырзақелді, Үйсінбай, Найманбай, Баян, тағы басқа батырлардың сүйектерін тауып, сол жердегі Күркілдек, Шүмекті деп аталатын өзендердің қиылысындағы бір жартастың түбіне сауыт-саймандарымен бірге жерлеп, басына тас орнатыпты деп жазады Өмірбек Тұқпұлы. (Естуімізше, Күркілдек өзені Аягөз жерінен Балқашқа қарай ағады екен. Мүмкін бүгінде бұл өзендерді білетін адамдар да бар шығар). Сол заманнан ұмытылмай бүгінге мынадай бір ауыз өлең қалған:

Жылқысы ер Жантайдың ала санды,
Күркілдек, Шүмектіде қала салды.

Өлді деп батыр Жантай естігенде,
Басы Қаныс, төрт қатын қара салды, - дейді. Қаныс - Жантайдың бәйбішесінің аты.

Сол қанды жорықта қашып бара жатқан жау қолы соңынан қуған қазақтар судан тарықсын деп, жолдағы құдық біткенге мал мен иттің өлмтігін тастап арамдап отырыпты. Қазақтар жағы қайтарда судан таршылық көріп, осы судан ішіп, содан ұшынып, қара тышқаққа (дизентерия) ұшырап, көп адам жолшыбай қайтыс болады. Олардың ішінде Бөгенбайдың ағасы Көлбай батыр да бар екен. Бұл жайлы Үмбетей дастанында да, ел ішіндегі әңгімеде де айтылады.

Бұның барлығы атадан балаға ауысып, ұмытылмай келе

жатқан, өмірде болған оқиғалар. Бүгінде Жантай батырдың үш ұлынан тараған ұрпақтары Ерейментау өңірінде сау-саламат өмір сүріп жатыр.

Енді осы оқиғаның шын болғандығы жөнінде тағы бір дәлел. Сарыбауыр атпен қоршаудан шығып кеткен Тоқаш күн-түн шауып, өбден қалжырайды. Кейін өзі айтады екен, қанша қайғы жұтып, шаршап келе жатсам да, адамның бойына біткен үш арсыз нәрсені көрдім. Оның бірі - ұйқы, бірі - тамақ, енді бірі - күлкі екен деп.

Оның себебі мынау. Әбден ашыққан Тоқаш бір ауылдың тұсынан өтіп бара жатып, құрт жайып отырған әйелдерді көріп, тоқтай қалып, құрттың бір көнек сары суын жерден іліп алып, басына біра-ақ төңкеріпті. Сонда құрт жайып отырған бәйбішенің бірі: «Қарағым, бекер іштиң-ау сарысуды, жүрегіңді алар, қымыз әкеп берейін, аздап ішші, атыңнан түсіп азырақ демалшы!» - деп бір шара қымыз әкеліп беріпті. «Қымыздан бірер жұтып, отыра кетіп жантайсам, қор ете түсіпін, әрі-беріден соң оятып жіберді, жүріп кеттім. Сонда білдім, адам тамақ пен ұйқыға шыдай алмайды екен. Әрі қарай кетіп бара жатып, ойыма ертеде болған бір оқиға түсіп, еріксіз мырс етіп күліп жіберіпін. Ол мынадай оқиға.

Ілгеріде болған бір жаугершілікте қазақтар қалмақ қамалын қоршап, бірнеше күн бойы ала алмай өзүрге түседі. Қазақтардың ішінде үлкен денелі, өзі батырсымақ Бәке деген адам болыпты. (Бұл кісі Есіргеп атасынан шыққан Бәке ме деп ойлаймыз. Қазір Өлеңті ауылдық округінің аумағында Бәке деген қыстау бар).

Осы Бәке аттың үстінде, ауыздығын алып, жайбарақат оттатып тұрса, аты бірдеңеден үркіп, қамалға қарай ала жөнеледі. Тізгін тартып тоқтатайын десе, ауыздығы алулы, ат тоқтамайды. Бір қолында найзасы бар, өзі еңгезердей адам. Бұны көрген қалмақтар: «Қазақтың мына батырының түрі жаман, бізді алмай қоймас!» -деп, қамалды тастап, тұра қашады. Қазақтар қамалды басып алып, қалмақтарды көп шығынға ұшыратып, дүние-мүлік олжалайды. Осы оқиға есіме түсіп, күліп жібердім» - дейді екен кейін қартайған шағында Тоқаш батыр.

әңгімеленетін Ақмола бекінісінің құрылуы туралы оқиға былай.

«Ақмола қорғанын салуға алғаш белгіленген орын Нұра өзенінің бойындағы Ақмола дейтін моланың жаны болатын. Ол қазіргі қала салынған Қараөткел деген жерден 25 шақырым алыс тұрады. Осы жерден қаланың орнын өлшеп, жаппа үйлер тұрғызып жатқан Қоңырқұлжа сұлтанның нөкерлері біраз адам болады. Ішінде Қоңырқұлжаның үлкен баласы Бегалы төре бар. Сейтен мен Тайжанның жайлауы бұдан көп алыс емес, Есіл өзенінің бойындағы Жалғызғаш деген жер еді. (Сейтен мен Тайжан - Қаржас Азынабай байдың балалары, кезінде Кенесары көтерілісін қолдаған адамдар. Кейін көтеріліс басылғасын, Тайжан Ақмолада атылып, Сейтен өмірлік жазаға кесіліп, Сібірдің Туринск деген жеріне айдалады (Қазіргі Ресейдің Свердлов облысы). Сейтенді сол жақта айдауда болған Ғұбайдолла сұлтан көріпті – С.Б).

Енді жоғарыдағы әңгімеге келсек, Тайжан қаршыға салып жүріп, бекіністің орнын белгілеп жатқан Қоңырқұлжа төренің адамдарының үстінен түседі. Жөнін білген соң, Бегалыға қарсылық білдіріп: «Жер менікі, кетіңдер, қала салғызбаймын!» - дейді. Бегалының адамдары күш көрсетіп, ұруға айналған соң, Тайжан жылысып кетіп қалады.

Сейтен мен Тайжанның Кенесары дүрбелеңіне байланысты жинаған жасақ жігіттері болады. Өлгі ерегістен бір күн өткен соң, осы жасақты алып, Тайжан қала салынғалы жатқан жерге келеді. Бегалыны ұрып, саймандарын тартып алып, жаппаларын бұзып, кері қайтады. Бегалының сауынға, көлікке деп әкелген бір жүздеп жылқысы бар екен, оны тағы айдап өкетеді. «Бұл сендер өлтірген қаршығамның құны» - деп, бақташыға айтып жібереді. (Тайжан жалғыз келген күні, Бегалының адамдары қаршығасын өлтірген болатын).

Осы оқиғадан соң көп ұзамай Қоңырқұлжаның адамдары қаланы екінші орынға салуға ұйғарып, Есіл өзенінің бойындағы Қараөткел деген жерге 1830 жылы Ақмола қорғанын салады. Аға сұлтан болып Қоңырқұлжа тағайындалады» - дейді «Өмір шежіресі» атты осы кітапта.

Бүгінде Астананың тарихын жазып жүргендердің «Ақмола атауы «ақ мол» деген сөзден шықты» дегені, басқадай болжамдары ешбір дәлелсіз екенін осыдан біліңіздер.

Саққұлақ би Бапанұлы Қоңырқұлжа мен Кенесары және Сейтен, Тайжандардың заманын көзден өткерген адам. Арғынның ақсақалы атанған Саққұлақ би аса зерек,

көкірегі ояу, заман тарихына жетік кісі болған. Сондықтан оның дерегіне ешқандай күдік келтіруге болмайды.

Дегенмен, бұл жердегі бір түсініксіз жайт - бекіністі алғаш саламыз деген орын Нұра өзенінің бойындағы Ақмола деген жер екен. Сосын Қоңырқұлжаның адамдары Сейтен мен Тайжанның қарсылығына ұшырағасын, ол жерден әрі жылжып, бекіністі Есілдің бойындағы Қараөткел деген жерден салады. Бірақ нәліктен Нұра бойындағы «Ақмола» атауы бекініспен бірге «көшіп», Есіл бойына келген. Шындығында бекініс атауы Ақмола емес, Қараөткел болуы керек еді ғой.

Біздіңше ол себебі мынада. Ақмола бекінісін ашу туралы шешім Омбыдағы Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесінде бекітіліп, одан әрі Петерборға кеткені белгілі. Яғни «Ақмола» атауы ресми құжаттарға еніп кетті деген сөз. Енді Сейтен мен Тайжанға бола бүкіл құжатты өзгертпейтіні айтпаса да түсінікті. Сөйтіп, бекіністің орны ауысқанымен, қағаздағы «Ақмола» деген атау қала береді. Бір қызығы, бекініс-қаланың ресми атауы Ақмола болса да, былайғы ел іші ол жерді бұрынғыша Қараөткел деп атай берген. Кейін осы Ақмола сыртқы округінің құрамында Ақмола уезі құрылып, Ерейментау аймағы осы уездің құрамына енеді.

Бір өкініштісі, Ақмола уезі жайлы ғаламтордағы уикипедия анықтамасында «Омбы облысы өкімшілігінің өкілі полковник С.Б.Броневский 1825 жылдың күзінде Петропавл қамалынан Нұраға дейін сапар шегіп, кезекті сыртқы округ дуанына лайықты деп Ақмола деген жерді белгілейді. 1830 жылдың жазында мұнда дуан салуға кіріседі. Үйлерін су алып кеткендіктен дуан орны Есілдің Қараөткел тұсына көшіріледі де, құжатқа түскен Ақмола аты қала береді» - дейді. Ал Ақмола бекінісінің Есіл бойындағы Қараөткелге көшірілуіне себеп болған ағайынды Сейтен мен Тайжан батырлар екенін былайғы көпшілік біле бермейді.

Осы жаңадан ашылған Ақмола сыртқы округінің аға сұлтаны болып Қоңырқұлжа төре Құдаймендеұлы, орынбасарлығына Қоңырқұлжаұлы Арыстан төре, қазылары болып Қарпық руынан Қабанбайұлы Қотыраш би, Алтай руынан Бектасұлы Матақбай би сайланады дейді. Біздіңше осы Қотыраш белгілі Батыраштың не ағасы, не інісі болуы керек. Себебі, бұл төңірек атам заманнан бері Алтай-Қарпықтардың қонысы. Қазіргі Қаракерей Қабанбайдың зираты делініп жүрген жерде жерленген осы Алтай-Қарпықтан шыққан Қабанбай би деп үнемі жазылып, айтылып жүр. Бірақ оны керек қылып жатқан адам жоқ...

(жалғасы 5 бетте)

(басы 4 бетте)

ҮШБҰЛАҚ СЫРТҚЫ ОКРУГІНІҢ АШЫЛУЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ ҚАНЖЫҒАЛЫ БОЛЫСТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Сөйтіп, 1832 жылы 28 тамызда Ақмола сыртқы округі ресми түрде ашылады. Әрине, ұланғайыр даланы бақылауға алу үшін, бірер округтің ашылғаны түк те болмайтыны белгілі. Осы себептен, жыл санап, сахара даланың әр тұсынан осындай округтер ашыла береді. 1833-34 жылдары Аманқарағай және Үшбұлақ округтері ашылады. Дегенмен олар кейін таратылып, Ақмола және Көкшетау округтеріне беріледі. 1826 жылы ашылған Баянауыл сыртқы округі 1833 жылы ғана ресми түрде бекиді. Оған дейін ол жерде әскер ұстап, «казарменное поселение» болған. XIX ғасырдың қырықыншы жылдары Құшмұрын округінің орнына Атбасар округі құрылып, ал шығыстағы Аягөз округі Сергиополь округі болып өзгереді. 1840-50 жылдары Көкпекті және Алатау округтері құрылады....

Осы отарлаудың барысында бүкіл қазақ жері үш генерал-губернаторлыққа бөлінеді. Олар - Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығы. Ақмола облысы осы Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамында болған. Облыстың құрамына - Ақмола, Көкшетау, Омбы, Петропавл уездері кіреді. Уездердің ішіне ондаған болыстар кіріп, олар 1917 жылға дейін сақталған. Төңкерістен кейін де жаңа кеңестік әкімшілік жүйе бойынша болыстар қайта сайланған. Бірақ бұлар «қызыл болыстар», яғни жаңа биліктің кедей болыстары еді. Бұлар 1925 жылдарға дейін сақталады.

Облыстың құрамындағы уездердің бастықтарын генерал-губернатор өзі тағайындайтын болған. Сондай-ақ, осы уезд бастығының аға және кіші көмекшісі болған. Кіші көмекші жергілікті қазақ ұлтының өкілінен тағайындалады. Уездерге қарайтын болыстарда бір мыңнан үш мыңға дейін шаңырақ болса, осының ішіндегі әрбір әкімшілік ауылға 200-300 түгін қараған. Әрбір 50 жеке шаруаға бір сайлаушы (елубасы) сайланып, осы елубасылар өздерінің съезінде шар салып, дауыс беріп, болыс басқарушыларын сайлаған. Әрбір 10 жеке шаруаға 1 сайлаушы (онбасы) сайланып, онбасылардың жиынында олар өздері ауылнайларын сайлайтын болған. Сол кездегі патшаның отарлаушы әкімшілік жүйесі осылай жұмыс істеген.

Осы кезде дала төсінде ашылған округтердің бірі - Үшбұлақ сыртқы округі болатын. Бірақ бұл округтің ғұмыры ұзаққа бармайды деп жоғарыда айттық. Төрт-бес жыл өткен соң таратылып, Үшбұлақ округіне қараған болыстар Ақмола және Баянаула, Көкшетау сыртқы округтеріне таратылып беріледі.

Өңгімізді Қанжығалы еліне қатысты болған соң, осы Үшбұлақ округінің ашылуы жайында мына бір деректі назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік. Аталмыш құжатта 1833 жылдың 22 тамызында Қазіргі Ақмола облысы (бұрынғы Көкшетау облысы) Еңбекшілдер ауданының аумағындағы Жөкей көлінің басында Үшбұлақ сыртқы округінің салтанатты түрде ашылғаны айтылады. Бұған Петропавл бекінісінен кавалерия полковнигі Ф.Шубин келіп қатысады. Уәли ханның немересі Нұрмұхаммет (Нұрхан төре) Сыздықов осы округтің аға сұлтаны болып, Тұрлыбек Көшенов оның заседателі, ал Нияз Нубашев деген кісі биі болып сайланыпты.

Келесі 23 тамыз күні Петропавл бекінісінің бастығы полковник Шубин Омбыдағы облыстық басқарманың бастығына төмендегідей мәлімет жолдапты: «Қанжығалы - Керей болыстарының жерінде Үшбұлақ округінің ашылуы салтанатына байланысты Жөкей көлінің басында жиын өтті» - дейді.

26 тараудан тұратын осы құжатта округке кірген болыстар жөнінде анықтама беріліп, олардың міндеттері жайлы егжей-тегжейлі айтылған. Бұл округке қанжығалылар жағынан 6 болыс, керейлер жағынан 8 болыс (ішінде уақтар да бар), қарауылдардан 5 болыс, есенбақты-керейлерден 2 болыс ел кірген екен.

Сол жерде жаңадан құрылған қанжығалы болыстарының басқарушылары тағайындалады. (Сайланбайды, тағайындалады. Ал заң жүзінде болыс басқарушылар дауыс беру арқылы сайлануы керек). Себебі, ол кезде болыстар құрылғанымен, сайлау өткізетін мүмкіншілік болмаған секілді. Және тағайындалған адамдар құжатта «волостные управители» делінбей, жай ғана «би» деп жазылыпты. Осыған қарап, олардың азғана мерзімге ғана, алғашқы сайлауға дейін тағайындалғанын байқаймыз. Кейін уақыт өте келе, болыстардың құрамы реттеліп, шекаралары белгіленіп,

елубасылардың съезі өтіп, болыс басшылары ресми түрде шар салынып сайланады. Қанжығалы болыстары алғаш құрылғанда оларды басқарушы болып тағайындалған - Жанболат Жантаев, Бапан Тұраналин, Тіленші Төбетов, Дөнен Тоқтаров секілді билер, осы сайлаудан кейін біржола болыс басқарушысы болып сайланып, талай жыл сол қызметте болғанын құжаттардан көреміз. Енді осы құжатта Қанжығалы болыстары қалай көрсетілгенін байқайық.

Қанжығалы болыстарының билері:

1. Қойсары-Турсуновская. Биі - Табайсары Жақауов.

2. Лабашы, Пұшқантай, Дәулетей. Биі - Тіленші Төбетов.

3. Нияз-Есіргеп, Биі - Жанболат Жантаев.

4. Әлдеуін, Өтеміс, Мәмбет-Шағалақ, Қамажапар. Биі - Бапан Тұраналин.

(Қамажапар деген болыс атауы жөнінде бірер сөз. Есеннен - Қармыс, Қамбар, Жапар туады. Қармыстан - Әжібай-Қанжығалылар тарайды. Ал Қамбар мен Жапарды ауызекі тілде қысқартып «Қамажапар» деп атаған. Кейін болыс атауы да осылай аталып кеткен. Кейін бұл болыс Қоржынкөл болысы болып өзгереді. Осыдан былайғы баяндауымызда біз де мұрағаттық құжаттарға сәйкес «Қамажапар» деп атаймыз - С.Б).

5. Әжібай, Малай, Қайқы-Құдайберді. Биі - Дүкен Сыздықов (Нұрхан төренің інісі).

6. Қарабұжар-Тентек-Қанжығалы. Биі - Дөнен Тоқтаров.

Старшын - Отыншы Барақов.

Билер: Бармақ Құлмамбетов, Сәдіғұл Атанов, Бапан Тұраналин, Сәмембет Өтебаев, К... (түсініксіз) Айбасов, Жанболат Жантаев, Сәмембет Таубасаров, Мыңжасар Шолақов, Айтпай ... (түсініксіз), Таубасар Жақов, Әділбек ... (түсініксіз), Шомба ... (түсініксіз), Алтыбасар Құттыбаев, Тынысбай Қаншин, Дөнен Шолақов, Өлеңті ... (түсініксіз), Тұманбай Ақжігітов, Тастан Баутанов, Жұмағұл Жылқыбаев, Дөнен Тоқтаров, Өміртай Мусин, Б... (түсініксіз) Төкешев, Жортан Атанов, Т... (түсініксіз) Байтөбетов, Байбекір Жәнібеков, Жетібай Сатаев, Айтұған Байболатов. (ОММ. 349 қор. 1 тізбе. 1 іс).

Байқап отырсыздар, Қанжығалы жағынан алты болыс ел деп көрсетіледі. Бұл негізі, жоғарыға есеп беру үшін немесе округті тезірек ашу үшін шартты түрде жасалған құжат секілді. Себебі, Қойсары-Тұрсын (Ерейментаудағы Қылшар ішіндегі қойсарылар) жеке бір болыс, Лабашы, Пұшқантай, Дәулетей бір болыс, Нияз-Есіргеп бір болыс болып көрсетілген. Бірақ кейін бұлардың барлығы бірігіп, Жетіру-Қанжығалы болысын құрайды. Жетіру-Қанжығалы 1875 жылдан кейін Ереймен болысы деп аталған. Осы кезде Қамажапар-Қанжығалы болысы - Қоржынкөл болысы, ал Тентек-Қанжығалы болысы - Ақкөл болысы болып өзгереді.

Сол уақытта Қамажапар-Қанжығалы болысының құрамында - Боранбай, Базаргелді, Бәйімбет, Өтеміс-Мәмбет, Аққозы рулары болған.

Жетіру-Қанжығалының құрамына - Лабашы, Дәулетей, Қоскелді, Есіргеп, Нияз, Қылшар, Жолымбет, Төлеңгіттер кірген.

Тентек-Қанжығалы болысында - Тентек және Қарабұжырлар. (Акмоллинские областные ведомости. №17. 1875, 15 сентября).

Бұдан басқа Петропавл уезінде Жансары-Уақ, Қанжығалы болысы құрылған. Бұл болыстың атауы 1875 жылы Средний волость болып өзгереді.

Құшмұрын сыртқы округінде Байдалы-Уақ, Ақтасты-Арғын, Қанжығалы болысы болған. Құшмұрын округі таратылғасын, бұл болыс Көкшетау сыртқы округінің құрамына кіреді. Атақты Қанжығалы Меңдеке батыр, Қанжығалы Шәңкі шешен, Қанжығалы Асаубай шешен осы болыстың адамдары. Шәңкі Меңдекин талай жыл осы болысты басқарғаны мұрағаттық құжаттарда көрсетіледі.

Бұлардан басқа Ташкент облысы, Сырдария уезінде бір болыс және Өзбекстанның Қашқадария облысында бір болыс қанжығалылыр болғаны кейбір құжаттарда кездеседі. Бірақ қолымызға нақты құжаттар түспеді.

САЯСАТ



AMANAT

«AMANAT» ПАРТИЯСЫ ДА АТ САЛЫСТЫ

Өткен саяси науқан референдумнан соң біздер «AMANAT» партиясы аудандық филиалынан ақпарат алып, жалпыхалықтық референдумда аталмыш партия барынша белсенділік танытқанын білдік.

Референдум қарсаңында «AMANAT» партиясы филиалы жанынан Қ.Махметовтың басшылығымен арнайы штаб құрылып, оның құрамына жергілікті депутаттар, зиялы қауым өкілдері, спортшылар, жастар т.б. кірген. Дауыс беру күніне дейін бұл штаб тұрақты түрде жұмыс жүргізіп, тұрғындарға референдумның маңызын түсіндірген.

5 маусым күні сағат 20.00-де Ата заңымыздағы өзгертулерді қолдап дауыс беру аудан бойынша аяқталды.

Референдум барысында аудандағы сайлау учаскелері бойынша тәртіп бұзушылық, басқадай оқиғалар болған жоқ.

Аудан бойынша дауыс берушілердің саны 17 873-ті құраған. Осы тұрғындардың 15 365-і дауыс берген екен. Олардың 12 566-сы Конституциядағы өзгертулерді қолдап дауыс берген, бұлар барлық дауыс берушілердің 81,8 пайызын құрайды.

Көпке белгілі, референдумның негізгі мақстаның бірі - суперпрезиденттік басқарудан президенттік басқаруға көшу. Яғни Мемлекет басшысына Парламенттің жоғарғы палатасының құрамын жасақтауда, сондай-ақ, жергілікті атқарушы ұйымдардың жұмысына ықпал етуде және президенттік мерзімде саяси партияларға мүше болуға шектеу қойылады деген сөз.

«AMANAT» ПАРТИЯСЫ ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІККЕ ҚОЛ СҰҚПАУ

Ғылыми-техникалық үдерістің күрт даму жағдайында заманауи әлемде адамның зияткерлік саласындағы қызметі рухани және материалдық өндірістің әр түрлі саласында маңызы зор. Ғылым, әдебиет, өнер саласында барлық жаңа жетістіктер адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі деп білеміз және олар зияткерлік меншік объектілер болып табылады. Зияткерлік меншік объектілеріне әдебиет және өнер, өнертабыстар, тауарлық белгілер және т.б. жатады. Егер егемендікті алғанға дейін біз бұл меншік түрі туралы айта алмасақ, ал бүгінгі таңда бұл құқықтың нақты бар екендігі анық. Адам өзінің туындысын пайдалануға, тыйым салуға рұқсат ету, не болмаса оны өзі пайдалануға құқығы бар. Бір жағынан құқық иеленуші өзінің құқығын іске асыруы тиіс. Екінші жағынан өзге тұлғалар (жеке, заңды) меншік құқығына, бұл жағдайда зияткерлік құқығына құрметпен қарауы тиіс. Егер сіз зияткерлік меншік объектілерін өзге тұлғаларға (патент иелері) тиесілі құқықтарды пайдалана отырып кәсіпкерлік қызметпен айналысқыңыз келсе (мысалы бейне кассеталарды жалға беру, компьютерлік клубты ашу, кітап шығару, туындыны, өнеркәсіп үлгіні немесе пайдалы модельді өндірістік іске қосу), онда сіз сол тұлғамен лицензиялық келісім-шартқа тұруға немесе зияткерлік меншік объектілеріне айырықша құқығын басқаға беру туралы келісім-шарт бекітуге тиіссіз. Лицензиялық шарт немесе зияткерлік меншікке айрықша құқықтарды беру туралы келісім-шартты бекіткен соң, сізге құжаттарды құзыретті органның ресми тізілімдемесінде тіркеп, мемлекеттік тіркеу туралы тиісті құжаттарды алу қажет, авторлар мен патент иелерінің құқығын бұзылмағандығын қамтамасыз еткен жағдайда, сізге еш қиындықсыз зияткерлік меншік саласында жұмыс істеу кепілдік құқығы беріледі.

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселесі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық кодекс, Қылмыстық кодекс, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі, Патент заңы, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық туралы», «Тауарлық белгілер, қызмет ету белгісі және тауарлардың шығу тегі туралы», «Сұрыптау жетістіктерді қорғау туралы», «Интегралды шағын сызбаларды құқықтық қорғау туралы» және бірқатар халықаралық келісімдер тізбегімен реттеледі.

Ақкөл ауданаралық әділет басқармасы

Қадірлі шаңырақтың қос қариясы

«Қарты бар елдің - қазынасы бар» деп мақалдаған қазақ атамыз қай заманда болмасын қарияның орнын, жасы үлкеннің жолын ерекше деп санаған. Бүгінде арамызда сау-саламат жүрген қария жасындағы әпкелеріміз бен ағаларымыз қоғамның қадірі бөлек тұлғалары екенінде дау жоқ. Себебі, олар кешегі «кеңестік» деп аталатын заманда ержетіп, еңбек етіп, сол социалистік қоғамның ащысы мен тұщысын татқан, бүгінгі біздер пайдаланып жүрген материалдық байлықты қолымен жасаған адамдар. Бұл адамдардың қай-қайсымен әңгімелессең де, өмір жолынан бір-бір кітап жазуға болады.



Суретте: Қабыкен Нұржанұлы мен Мариям Ергалиқызы

Сол кеңестік дәуірде қыр төсінде мыңғыртып мал өсірген де, кәсіпорындарды іске қосқан да, қоғамның ауыры мен жеңілін көтерген де осы адамдар. Бүгінде бұлардың алды сексен асып, тоқсанға бет бұрса, арты жетпіс белестен асып барады. Қаламызда тұрып жатқан осындай қадірі бөлек қарияның бірі - ордалы әулеттің басшысы болып, сексеннің сеңгіріне шығып отырған Әбенев Қабыкен ақсақал. Бір ғажабы, Қабекең бүгінде сексен белес асса, ол кісінің 60 жыл қол ұстасқан өмірлік жары Мариям Ергалиқызы 75 деген мерейлі жасқа жетіп отыр. Өмірдің сексен асуынан асып отырған Қабыкен қария жоғары да айтылған аға буынның өкілі. Бар саналы ғұмырын адал еңбекке, ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге арнаған Қабыкен Нұржанұлы бүгінде үлкен әулеттің басында, ұл-қыз өсіріп, немере-шөбере сүйіп отырған бақытты ақсақал. Біздер Қабыкен қарияның үйіне арнайы барып бас сұққанда, ол кісінің өмірлік жары Мариям Ергалиқызымен азғана сұбаттасқан едік. Айта кетелік, Қабыкен Нұржанұлы осы Ерейментау елінің тумасы болса, Мариям апайдың түп-тамыры Өлеңті өзенінің арғы беті, Сүйіндік елінен болады. Қазақша айтар болсақ, текті

жердің ұрпағы. Олай деп отырғанымыз, Сүйіндік-Құлболдының бір тармағы Күлік деп аталады. Осы Күлік атасынан кезінде Жанақ әулие Жаңабатырұлы, Мәшһүр Жүсіп әулие Көпейұлы, Жүсіпбек Аймауытов секілді айтулы тұлғалар шыққан. Мариям апай осы Мәшһүр Жүсіппен аталас туыс адам. Мариям Ергалиқызы жан жары Қабаңа ғұмырлық серік болумен қатар, ауыл шаруашылығының әр саласында жұбайына ақылшы-сүйеніш болып, толымды еңбек еткен кісі. Тіпті сонау бір жылдары, кеңес уақытында, Еркіншілік совхозына қарасты Сәрсен қыстағында тұрған кезінде, қазақты ұлттық тағамдарын шебер дайындаушы ретінде аты шыққан адам. Содан болар, белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан Орталық комитетінің хатшысы болған, ұлт руханиятының жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтың «Қазақтың ұлттық қол өнері» (1982) атты танымдық кітабында Мариям апай суретімен қоса жарияланған болатын. -1962 жылы Қабаңмен бас қосып, шаңырақ көтердік. Биыл жұбайлық ғұмыр кешкенімізге тура 60 жыл толады. Бар саналы ғұмырымыз еңбекпен өтті. Қоғамның әр саласында шама шарқымызша еңбек еттік. Бүгін, міне,

қария жасына жетіп, ұрпақтардың тілеуін тілеп отырмыз, - дейді Мариям Ергалиқызы. Осы маусым айында қос қария мерейлі жасқа жетіп, Қабыкен ақсақал 80-нің сеңгірен шықса, Мариям апай 75 деген жасқа толады деп жоғарыда айтып кеттік. Өмірге бес қыз, екі ұл өкеліп, олардан ұрпақ сүйіп отырған бұл екі кісі шын мәніндегі бақытты жандар. «Неше немереңіз бар?» - деген біздің сұрағымызға Мариям апай: «Оларды ешқашанда санамаймын, ырымға жаман. Аман-есен өсіп жатыр, соған тәуба дейміз. Шөберемнің алды биыл 16-ға толды, осыдан біле бер» - дейді. Дүние деп аталатын жалғанда, Кімдер жетіп, кім жетпеген арманға. Бақыт деген осы шығар өмірде, Айналаңа ұрпағың көп толғанда. Қандай мақтау айтса-дағы жарасар, Қол ұстасып, жұбай болып 60 жыл, Ұл өсірген, қыз өсірген жандарға! - деп тілек арнаған біздер мерейлі жасқа жетіп отырған қос қарияға саулық тілеп қоштастық.

Өз тілшіміз

2022 - Балалар Жылы



Балалар жылы 2022

«БАЛБҰЛАҚТАҒЫ» БҮЛДІРШІНДЕР



Осындай жазғы демалыс лагерлері сәбилердің естерінде қаларлы сөзсіз. Бұл жерде олар тек демалып қана қоймай, өздерінің білімі мен ой-қабілетін жетілдіреді.

Д. СМАҒҰЛОВА, мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары

Жаз айы - бүлдіршіндердің тағатсыз тосатын мезгілі. Бұл кезде олар жыл бойғы оқудан босап, суға шомылып, спорттық ойындармен шұғылданып, жазғы лагерлерде демалып, естен кетпес күндерді бастан өткереді. Жазғы лагерлердің тағы бір пайдасы, жұмыстан қолы тимейтін ата-аналар үшін өте тиімді, балаларды осы жазғы лагерлерде қалдыра береді. Дәл осындай «Балбұлақ» деп аталатын жазғы демалыс лагері қаламыздағы Т.Шаханов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің жанынан ашылған. Аталмыш лагерь 1 маусым - Балаларды қорғау күнінде іске қосылған болатын. Биыл бұл лагерь үш маусымда жұмыс істейді. Бір маусымның ұзақтығы 10 күннен. Биылғы жыл Балалар жылы болып жарияланғасын, біздер жаппай оқу қорындағы балалардың бәрін қамтымақпыз. Осылай бірінші маусымда 25 бала демалады. Олар ысықтық тамақпен қамтамасыз етілген. Осы жерде таңертеңгі тоғыздан сағат берге дейін болады. Бұл лагердің тиімді жері, демалыс үшін балаларға алысқа барып керегі жоқ. Өздері үйренген ортада болады. Және осы жерде өтіп жатқан ешқандай шаралардан тыс қалмайды. Лагерде: Г.Т.Ахметжарова, М.А.Абильдинова, А.Маулен, А.Ж.Санақова секілді тәжірибелі тәрбиешілер балалармен жұмыс істейді. Осы тәрбиешілер әртүрлі бағыттағы сан алуан көңіл көтеретін ойындар, қызықты сабақтар өткізеді. Мысалы, қазақ тілі пәнінің мұғалімі А.Санақова мен музыка пәнінің мұғалімі М.Абильдинова «Менің туым - менің Тәуелсіздігім» атты конкурс өткізіп, балалар өздерінің шығармашылық қабілетін шыңдады. Әр күн сайын лагерь жұмысы арнайы жасалған жоспар бойынша өтеді.

ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ

Ерейментау-Ақпарат

қоғамдық-саяси газеті. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген, 11.12.2019. Күәлік № KZ60VPY00018252

Редакцияның мекен-жайы: Үмбетейжырау көшесі, 4. Меншік иесі ЖК «ЕММС-2020» Газет ТОО «Медиа-холдинг "ERNUR" Нұр-Сұлтан қ., Сілеті к-сі, 30 үй баспаханасында басылған.

Аптасына бір мәрте шығады. Таралымы - 1000 дана. Индекс: 66015 Басылу шарттары лист 4 п.л. Тапсырыс № 803

Бас редакторы: Сайлау БАЙБОСЫН Тел: 8771 275 1930 Электронды почта: ereymen.akparat@mail.ru